

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Встроенная в современное социально-культурное пространство сегодня дизайн рекламного плаката - это художественно-технологическая система и методы разработки напрямую взаимосвязаны с технологическими инновационными приемами. На наш взгляд, весь комплекс методов разработки с использованием художественных стилей, можно назвать творческой стратегией разработки рекламного плаката. В целом, комплекс методов разработки рекламного плаката с использованием художественных стилей содержит в себе и необходимое понимание теоретических основ композиции и практическую реализацию определенных базовых правил художественного стилистического решения рекламного произведения.

Список использованных источников

1. В Казахстане разгорелся скандал из-за рекламы клуба. / Источник: Total.kz. 26. 08. 2014 / Режим доступа: <https://afisha.mail.ru/almaty/club/news/44020/>
2. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. - М., 1992.; Большой энциклопедический словарь. - М., 1888/ Режим доступа: <http://edudic.ru/bes/58627>
3. Игошина Т.С. Инновационные формы в дизайне социальной рекламы// Современный мир дизайна. - М. 2012. - С. 89-93
4. Джонс Дж. Методы проектирования. - М.: «Мир», 1986 г. - 249с.
5. Марусева И.В. Метод «Я-художник». // Реклама и связи с общественностью: традиции и инновации// Сборник трудов Международной научно-практической конференции (17-18 октября 2013г. Ростов-на Дону), Ростовск. Гос. Университет Путей Сообщения. - Ростов на Дону, 2013. - С.102-108
6. Савельева О.О. Реклама в городском пространстве: использование языка актуального искусства.// Культурологические записки. №12. - М., 2010. - С.263-279

ӨОЖ 69:001.12.18

ТҰРҒЫН ОРТАНЫ БАҒАЛАУДАҒЫ ӘСЕР ЕТУШІ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Мұқашева Айғана Мекенбайқызы

fit.lady.2015@gmail.com

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, сәулет-құрылыс факультеті,
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Т.К. Мусалимов

Соңғы он жылдықтарда қалалардың өсуінің серпінді беталысына байланысты халық үшін қолайлы қалалық орта жасау мақсатымен тұрғын құрылымдардың жайлы заттық-кеңістіктің тиімді дамуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындады. Қала – әлемдік экономикалық өсудің және өнімділіктің негізгі двигателі. Нақ осы қалалар ірі ресурстарды тұтынушылар және ауаға бөлініп шығатын газдардың көздері болып табылады. Сондықтан планета тұрғындары көпшілігінің әл-ауқаты қалалардың дамуына байланысты болады [1, 8-9]. Қаланың әрқашан да дамып отыратын «табиғаты» заңмен қорғалатын сәулет ескерткіші ретінде тарихи қалалар болғанына қарамастан, жаңа құрылыссыз бола алмайды. Жаңа құрылысқа әрқашан да орын табылады, ол көне және құнсыз құрылыстарды жою, көшелер мен жол тораптарын кеңейту мақсатында тарихи құрылыстарды қатайту және қайта жоспарлау кезінде пайда болады.

Қазіргі уақытта барлық елдердің сәулетшілері мен дизайнерлері өмір жағдайларын жақсарту қажеттілігімен еріксіз туындап отырған қалалық ортаны жаңарту міндетін негізінде «ауыртпалықсыз» әдістермен шешуге тырысады. Мысалы, урбанистік және табиғи элементтердің селбесуіне негізделген жаңа үлгідегі қалаларды құру арқылы. Қала интерьерлері, бір-бірімен алмасып, өзара байланысты кеңістіктердің бірыңғай жүйесін

құрайды. Үйден шығысымен, адам қаланың мозаикалық ұйымдастырылған аумағына шығады, ол жерде осы кеңістіктердің алмасуы табиғи жолмен болады. Кеңістік қабылдауының дәл осындай ырғағы адам санасында күрделі және алуан түрлі, бірақ тұтас ағза ретінде қаланың тұрақты бейнесін туындатады.

Іс жүзінде, бұл арнайы мемжүйеленбеген және ірі әлеуметтік топтардың кеңістікке дейінгі саласының «жеке кеңістігінен» түрленетін адамның тіршілік ету кеңістігі. Тұрғын үйді паналаушыға әсер ету аспектісінде кеңістік саласының алатын орны ерекше. Сондай ақ архитектуралық-жоспарлау және көлем-кеңістіктің қағидасын қалыптасуы сыртқы және ішкі факторлардың кешеніне тәуелді.

Сыртқы факторлардың комплекстері.

1. Инсоляциялық аспект. Бұл фактор тікелей күн сәулесінің түсу бұрышымен байланысты кеңістік сипаттарын құру кезінде инсоляцияның уақыты есептелінеді. Әр географиялық аймаққа өзінің нормативтары бар. Мысалға, Қазақстанның солтүстік аймақтарында үздіксіз инсоляция уақыты 3 сағат болса, орталықта 2,5 сағат, ал оңтүстікте 2 сағат болуы тиіс. Инсоляцияның негізгі элементі күн сәулесінің түсу бұрышы болып келеді.

2. Қала құрылыс факторлары. Қалақұрылыс факторлары қала ішінде құрылыс телімімен байланысты. Оған келесі категориялар жатады:

- 1)Қала құрылысында орналасу жоспарын жасау;
- 2)Құрылыс салу телімінің көлемі;
- 3)ЖСЕ – жерді пайдалану және салу ережелерін қала құрылыс жүйесі бойынша реттеу;
- 4)Шудың әсер ету факторлары.

3.Техникалық-экономикалық аспект. Техникалық-экономикалық фактор нормативты құжаттар (ГОСТ, СНИП, МГСН, өртке қарсы қауіпсіздік) жинағымен және техникалық тапсырмалармен.

Нормативті құжаттардың жүйесі кеңістік сипаттамаға ықпал жасай алады. Система арқылы ғимарат арасындағы арақашықтық, өрт сөндіру машинасы кіретін алаңның болуы, тұрғындарды көшіру үшін кіреберіс ауданның болуын қадағалайды.

Техникалық ғимараттың негізгі аспектері төмендегі параметрлермен өлшенеді:

- 1)Құрылыстың жер үсті жалпы ауданы (сырқы қабырғалардың контуры бойынша) $S_{\text{нм}2}$ қалыңдыққа, құрылыс территориясының проценті мен сипатына, қабаттың, тұрғын кеңістігінің геометриясына әсер етеді;
- 2)Тұрғын, сатылымды ауданы (сыртқы қабырғаларының ішкі контуры бойымен) – $S_{\text{жм}2}$.
- 3)Тұрғын пәтердің жалпы саны, жобаның экономикалық тиімділігін анықтау – $N_{\text{кв}}$.
- 4)Қиылыс бағдар санын анықтау арқасында әлеуметтік байланыс жолдарының өнімділігіне қосымша функциялардың мөлшерінің ықпалын анықтау ($N_{\text{ф}}$).

Ішкі факторлардың комплекстері.

Гумандық тұрғын ортаның критериялық көрсеткіштерін анықтау мен объективтеу үшін сәулеттік-кеңістік ортаның адамға тигізетін әсерін кешенді түрде қарастыру қажет: көзге көрінетін ортаның қабылдау аспектілерін зерттеу, қарым-қатынастың кеңістік қашықтықтарына тұрғын «бостықтар» геометриясының ықпал ету ерекшеліктері, кеңістік нысандардың өзара байланысы мен өзара әсері мен адам мінез-құлықтарының нысандары. Осы тұрғыда автормен ғылыми мағлұматтың сабақтас салаларының теориялық және эмпирикалық деректерді зерттеу мен жүйелеуге бағытталған «сараптық бағалау» әдіснамасы пайдаланылған, соның ішінде: медицина, когнитивтік психология, бейнеэкология, әлеуметтану мен проксемика.

Зерттеулер нәтижесінде өзара әрекеттесу жүйесі шеңберінде «мекендеуші ↔ кеңістік сипаттамалары», теориялық және эмпирикалық жиынтығы қабылдаудың үш базалық аспектілері бойынша жіктелген:

- 1) тұрғын ортаны қабылдаудың әлеуметтік-психологиялық аспекті;
- 2) көзге көрінетін орта қабылдауының көзбен шолу аспекті;
- 3) тұрғын орта қабылдауының мінез-құлық аспекті.

Әлеуметтік-психологиялық аспект.

Сәулеттік-кеңістік ортаның әлеуметтік-психологиялық қабылдауының мәселелері төмендегі жағдайларға байланысты:

- a) Қабылдаудың генетикалық механизмі;
- b) «Гештальт» қабылдау;
- c) Мекендеушінің экзистенциалдық қажеттіліктері.

Қабылдау психологиясы. Генетикалық жады.

Қабылдау психологиясы – сенсорлық ынталандырмаларды табу мен түсіндірумен тікелей байланысты болатын психология саласы, яғни адам қабылдауының ерекшеліктерін зерттеу [2, 25]. Роберто Солсо жіктемесі бойынша адамның әлемді қабылдауының негізгі екі теориясы бар: конструктивтік қабылдау теориясы мен тікелей қабылдау теориясы [2, 25-26].

Психологтардың «конструктивтік қабылдау» теориясына сәйкес біз қабылдау үдерісі кезінде қабылданатын объектілер туралы болжамдарды сезім мен білім негізінде тұжырымдап, тексереміз. Осылайша, қабылдау – бұл біздің сенсорлық жүйеміз және әлем туралы тәжірибе мен алдыңғы мағлұмат арқылы келетін жалпы нәтиже. [2, 132]. Тікелей қабылдау теориясында көзге көрінетін нысан дұрыс қабылданатын жеткілікті ақпараты бар және ішкі қайта таныстыруды қажет етпейді.

Біздің аспектіде конструктивтік қабылдау теориясы маңызды рөл атқарады, өйткені дәстүрлі құндылықтар тұрғысынан алдыңғы мағлұмат тұрғын ортаны құру жолдарын іздеу қажеттіліктерін анықтайтын негізгі ықпал болып табылады.

Қалаларға қоныстанға дейін адамзат экзистенциалдық, әлеуметтік және беделді қажеттіліктерін қанағаттандыруда белгілі рөл атқаратын, өзіндік түпнұсқалық белгілері бар дәстүрлі табиғи ортаны мекен етті. Үлкен қала тұрғындарына «селқостық», «жабығу», «топтық ескермеушілік», «сәйкестендіру қиыншылығы» сияқты сезімдер тән, көбінесе бұл жағдай дәстүрлі мекендеу орындарымен генетикалық сабақтастықпен байланысты болады [3, 126].

Дәстүрлі ортада өз жергілікті бояуы, салт-дәстүрі, қарым-қатынас пен тіршілік әрекетінің қағидалары, қоршаған орта мен жасыл аймақтар аумағымен сипатталатын өзінің қайталанбас аумақтық-кеңістік аурасы бар қауымдастықтар құрылады. Адамдар осындай ортада аумақтық жақындастық фактімен біріккен, бір-біріне өзара ұнату түйсіксіз сезім мен «өз» және «бөтен» деп бөлінетін ортақтастық бар, және, әдеттегідей, өздерін жайлы сезінеді [3, 124]. Осындай қайталанбас ортақтастықтың жоғалуы адамның әлеуметтік сезіміне ғана емес, өмірінің барлық жақтарына ықпал етеді. Жақсы қалыптасқан қарым-қатынастың бұзылу салдары барлық мәртебелік, этникалық және жас ерекшеліктеріне қарай бөлінетін топтарға әсерін тигізеді: жастар, орта жастағы адамдар және зейнеткерлер, осыған байланысты жаңа шағын аудандардағы жастарда деликтивтік мінез-құлық пайда болады.

«Гештальт» қабылдау ерекшелігі.

Келесі ықпал психологиялық қабылдау тұрғысынан сәулеттік-кеңістік ортаны қабылдау кезінде тұрғын бастықтардың «фигура» ретінде кеңістік сипаттамаларының құндылығы мен маңыздылығын растайды.

Бақылаушының көру ынталандырмаларының біртұтас қабылдау қабілеттілігі когнитивтік психологияның бір бағыты ретінде қарастырылады – «гештальт-қабылдау» теориясы. «Гештальт-қабылдау» теориясына сәйкес бақылаушы көру ынталандырмаларды біртұтас қасиеттер призмасы арқылы, оның тармақшасын бөлмей қабылдайды. Біртұтас қасиет дегеніміз «фигура мен фонның» көру қабылдауы үдерісіндегі арасалмақ, бұл бізді қоршайтын заттарды жеке нысандар ретінде емес, біріккен нысандар жиынтығы ретінде қабылдауға мүмкіндік туғызады. Сәулеттік-кеңістік ортаны қабылдауға қарай бақылаушыға жеке тұрған тұрғын бірліктер мен олардың жергілікті қасиеттері емес, тұрғын бірліктер топтарының жиынтығын құрайтын тұрғын бастық «фигурасының» біртұтас геометриясын қабылдау тән болады [2, 138]. «Фигура-фон» кеңістік арасалмағын біртұтас қабылдау, олардың өзара толықтырылуы, сипаттамалары, кеңістіктің ажыратылуы немесе сығылуы, тұйықтығы, ашықтығы тұрғын орта сапаларын құру кезінде маңызды рөл атқарады.

Адамның экзистенциалдық қажеттіліктері.

Экзистенциалдық қажеттіліктер 1954 жылда шыққан американдық психолог А. Маслоудың «Уәждеме мен тұлға» атты кітабында қарастырылған және сипатталған жалпы адамзаттық қажеттіліктермен байланысты болады. Тұрғын ортаның кеңістік сипаттамаларына әсер ету физиологиялық, экзистенциалдық, әлеуметтік, беделді және рухани қажеттіліктердің пирамидасы пантеонында келесі санаттар маңызды болып саналады [wikipedia материалдары бойынша]:

1) Қауіпсіздік пен жайлылық қажеттілігі кеңістік-жоспарланған сипаттамаларына, құрылыс жоспарланған құрылымының құрылуына, шекараларды реттеу және кеңістіктің функционалдық қарқындылығына ықпал етеді;

2) Эстетикалық қажеттіліктер тұрғын ортаның кеңістік сипаттамаларының жайлылығы мен негізгілігіне әсер етеді;

3) Әлеуметтік байланыстар, қарым-қатынас қажеттілігі тұрғын бірліктер мен функционалдық элементтер арасындағы аралықтарға, құрылыс телімі шекараларында жартылай жекеше, жекеше мен қоғамдық аймақтардың болуы мен аймағына әсер етеді.

Көру аспектіайқындайтын негізгі ықпалдардың бірі. Көзге көрінетін ақпараттың 90% адам көру мүшесі арқылы қабылдайды [4, 84]. Орта кеңістіктігінің көлемі мен құрылымы адамның ортада сезінетін көңіл күйі туралы базалық сезімді туындатады. Бұл жерде көру экологиясы мен көзге көрінетін ортаның көру қабылдауы туралы айтылады. Көзге көрінетін орта – қоршаған орта мен оның алуан түрлілігі. Барлық көзге көрінетін орта «жасанды» және «табиғи» болып жіктеледі. Табиғи көзге көрінетін орта көру мүшесінің физиологиялық нормаларына толық сәйкес келетін «бірінші табиғат» элементтері болып саналады. Жасанды орта – «екінші табиғат» элементтері, яғни антропогендік орта көптеген жағдайларда адамның көру қабылдауы заңдарына қарама-қайшы болып келеді [4, 84].

Жасанды көзге көрінетін қолайлы параметрлерді анықтау үшін көру қабылдауының негізгі механизмдері мен олардың көзге көрінетін объектілерге реакциясын анықтау қажет. Сондықтан да, видеоэкология саласындағы ғылыми жұмыстар зерттеулері нәтижесінде тұрғын ортаның кеңістік сипаттамаларының құрылуына әсер ететін көру қабылдауының екі негізгі механизмі ашылды [4]:

- a) Көру қабылдауының моторикасы;
- b) Көру мүшесінің көру шегінің геометриясы;

Қозғалыс жолының құрылымы жай ғана техникалық құрал емес, одан да маңызды, субъект сол арқылы қозғалыстың негізгі мақсатына жете алады. Қозғалыс жолының құрылымы кеңістікте бағдарлануға қажетті болатын тәжірибелік ақпаратпен қамтамасыз етуден басқа, визуалды сценарилер түрлілігін құруы қажет. Қозғалыс үдерісін интроверттік және экстраверттік кеңістік сипаттамаларының түрлілігінде көрсетілген кеңістік алаңдау призмасы арқылы қарастырылуы тиіс.

Мысалы, қазіргі заманғы тұрғын құрылымдарда, көшенің кеңістік сипаттамалары мынадай ерекшеліктерге тән көлік байланыстарының басымдылығымен анықталады: визуалды біркелкілік, қозғалыс пен қабылдау қарқыны; визуалды сценарийлердің аздығы; кеңістік абыржушылық пен бағытсыздану.

Қолданылған әдебиет

1. Бархин М.Г. Город 1945-1970. Практика, проекты, теория. – М.: Стройиздат, -1974, 208 с.
2. Роберт С. Когнитивная психология. – СПб.: Питер, - 2011, 589 с.
3. Арнхейм Р. Динамика архитектурных форм/ Пер. с англ. В.Л.Глазычева. – М.: Стройиздат, 1984, 192с.
4. Гафнер В.В. Информационная безопасность: учеб.пособие / В.В. Гафнер. – Ростов на Дону: Феникс, 2010, 324 с.